Адам баласын заман өсіретіндігі белгілі. Ғасырына қарай асылды да өзгеріп отырады. Елордамыз Астанада өтіп жатқан жаңа технологиялар мен инновациялар алаңы болып отырған ЭКСПО-2017 халықаралық мандандырылған көрмесі - біз үшін зор қуаныш, әрі мақтаныш, еліміздің абыройын асқатқататын дүниелердің бірі. Ата-бабамыз армандаған білімді, ғылымның соңғы жетістіктерін игерген ұрпақ өсіп, дамыған елдермен тереземіз тең болып, жаңа энергия көздерін пайдалану саласындағы ғылым мен техниканың жетістіктерін

көрсететін заманға лайықты көрме ұйымдастырып, әлемнің түшпір-түшкірінен келген қонақтарды абыроймен күтіп алуға қол жеткіздік.

Көрме аумағында адамдардың қауіпсіздігі, денсаулығы және жүріс-тұрысына қолайлы жағдай жасалған. Бұл алаңда ерекше климат, жағымды аура қалыптасқан. Аралауды бүкіл көрме аумағындағы ең биік ерекше көзге түсіп тұрған Қазақстанның фантастикалық кинодан алынғандай металл мен шыныдан жасалған әлемдегі ең үлкен «Нұр әлем» сфера-ғимараттан басталды. Лифтпен шығып, бірден сегізінші қабаттан басталған экспозициялар көмірсутектен басқа жел, су, биологиялық, кинетикалық энергия көздерін алу жолдарын сөзсіз қабат зәуліп шардың әр қабатында кенінен егжей-тегжейлі көрсетіп тұр. Экспозициялар жан-жақты: еліміздің тарихы, өнері, ғылыми жетістіктері көркем әрі заманауи форматта берілген. Көрмеге келген жас баладан еңкейген көріге дейін қызықтайтын нәрсе көп. Бір қысқа мақалада көрме кереметтерін түгел сипаттап шығу мүмкін емес. Көп нәрсені қолмен ұстап, көзбен көріп, энергия шығаруға қатысуға болады екен. Жабдықтың көпшілігі электронды басқару принциптерімен жұмыс істейді. «Болашақтың энергиясы» десе дегендей, ертегі ұрпағымыздың өміріне уақыттан озып барып, саяхат жасап келгендей әсер алдық. Тек ғылыми жетістіктер ғаламатты ғана емес адам жаны мен көңілін сергітетін кереметтер де баршылық. Дәу шардың ең жоғарғы қабатындағы 100-150 метрдей шыны көпірдің үстімен жүріп өтуге кейбіреулердің жүрегі дауаламайды. Өз көркінімен жөніп, психологиялық өміріне өзгеріс енгізіп, жеке басының жетістігін жаны жадяраған адамдарды көріп, өзіміз де жүрегімізді тоқтатып, жеке рекордымызды жасап мәре-сәре болған сәттеріміз естен кетпес деп ойлаймыз.

Біздің ұжымдастар Балалар зертханасы, Үздік тәжірибелер аймағы, Тақырыптық павильондар, Амфитеатр, Дю Сoley ішкі сияқты кереметтерін де күзеп болды.

Бүгінде біздің елімізде баламады көздерден энергия алу мәселесі әлі де шешімін таппаған. Заманымыз дамуын жана, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолдарын талап етеді. Бүкіл әлем сияқты Қазақстан да «жасыл экономикаға» бет бұрды. Көрме павильондарын аралап жүріп, шетелдердің жаңартылатын көздерден энергия өндіретін технологиялар ғана емес, олардың жұмыс істеу принциптерін де көруге мүмкіндік



алдық. Біздің әлі қолымыз жетпеген, бірақ болашақтың үлесіндегі нәрселерді көріп, олардың қол жеткізбейтін арман-қиял емес қазіргі таңда басқа елдерде қолданылып жүргенін, оларды білім мен еңбектің арқасында өз жерімізде енгізіп пайдалануға болатындығына көз жеткіздік.

Халықаралық көрмені өткізу үшін мол қаражат қана емес, үлкен мәдениет керек екенін түсінген Астана халқы келген қонақтарды зор ілтипатпен қарсы алуға. Қоше, мәдени ошақтар және сауда орталықтарын жайбарақат аралап жүрген шетелдіктерге де көз үйірініп қалған.

Мұнда экономиканың, ғылымның өрлеуі де, мәдениеттің биіктігі де, өнердің гүлденгені де көрсетілуде. Жақсы - ай мен күндей, әлемге бірдей екендігінің дәлеліндей дүние жүзін тамсандырып жүрген өнердің қас шеберлері де осында келіп, анишпагпен концерттерін өткізуде. Әр елдің ұлттық күндері көрмеге келушілердің зор қызығушылығына ие болуда. Жер шары халықтарының ортақ бір үйде, бір әлемде тұрып, өмір сүріп, ортақ бесімгіз - алтын ұжымды аялап, аман сақтап, кейінгі ұрпаққа ауасы таза, топырағы құнарлы жер, дені сау салауатты ұрпақ қалдыру - бірлесіп қамданатын ортақ шаруа екенін бәрі түсінгендей. ЭКСПО жаңа жобалар, жаңа технологиялар, жаңа өндіріс өнімдері, жаңа іскерлік байланыстарға жол ашатыны анық.

Қазақстандықтарды, әсіресе балалар мен жастарды барынша көп барып, көрмені көруге шақырамыз.

Астанадағы жаңалыққа ұмтылыс, елге зектік, білімпаздық, еңбексүйгіштік сияқты ауасында да тұнып тұрған жақсы қасиеттерді бойымызға сіңіріп ала алсақ дейміз. Болашақтың шымылдығын ашып, жарқын келешекке саяхат жасап, қанағаттанған көңілмен, жақсы әсер құшағында ұшаққа отырып, жаңа серпіліспен өзіне магниттей тартып тұратын туған жердің топырағына асыға алтанып кеттік.

А.Ебосын  
«Oil Construction Company» ЖШС

### В здоровом теле - здоровый дух

## ЛЕТНЯЯ СПАРТАКИАДА В АКТАУ

В целях пропаганды и внедрения здорового образа жизни среди работников нефтяной отрасли, дальнейшего улучшения физкультурно-оздоровительной и спортивной работы в Актау ежегодно проводится летняя Спартакиада среди команд ДЗО АО НК «КазМунайГаз»: АО «Мангистаумұнайгаз» и сервисных компаний ТОО «OSC», ТОО «ОСС», ТОО «ОТК», ТОО «Мангистау Энергомунай», ТОО «Мунайтелком». Подобные спортивные мероприятия сплачивают ряды нефтяников, создают благоприятный морально-психологический климат в коллективах, укрепляют дружеские отношения как между спортсменами, так и между любителями спорта и физической культуры, прививают любовь к спорту и придают ему массовость.

С 02.07 по 07.07.2017 года была проведена традиционная летняя Спартакиада, посвященная Дню работника нефтегазового комплекса. Соревнования проводились по следующим видам спорта: мини-футбол, волейбол, баскетбол, шахматы, настольный теннис, армреслинг и плавание.

Работники ТОО «Oil Services Company» приняли активное участие в данном мероприятии. Организаторами от ТОО «OSC» выступили Ж.Сисен, А.Рамазан, Р.Джаналиев.

Большинство и зрители стали свидетелями захватывающих и интересных соревнований. В состав команд от Товарищества вошли следующие работники: мини-футбол - Ж.Кашкинбаев, Н.Серикбаев, А.Торетаев, А.Урынбаев, Г.Туретаев, А.Павиз, С.Тастанбеков, С.Майрамов, Ж.Сисен, Б.Еркинбаев, волейбол - баскетбол (мужчины): К.Эжимов, А.Лукпанов, Т.Берикбаев, А.Жаринцев, Б.Мынбаев, Н.Ельдесов, К.Каржаубаев, Р.Серикбаев, Я.Наурызбаев, К.Ермакашев, волейбол (женщины) - Б.Саденова, Р.Таушанова, А.Сагидыкова, Г.Тилекова, М.Мырзакулова, Ж.Сейтмуханова, Г.Амреева, С.Киякова и др. Благодаря сплоченности команд, силе спортивного духа, профессионализму и стремлению к победе, команды Товарищества заняли следующие призовые места:

мини-футбол-1 место;  
баскетбол -1 место;  
волейбол (мужчины) -1 место;  
волейбол (женщины) -3 место.

В игре по мини-футболу были присуждены индивидуальные номинации особо отличившимся игрокам: лучший вратарь - Жандос Кашкинбаев, лучший бомбардир - Гамзат Туретаев.

Команды - победители, занявшие Первые места примут участие в 5-ой юбилейной Спартакиаде среди команд ДЗО АО НК «КазМунайГаз», которая состоится в г.Астана в конце августа т.г. Организатором данной Спартакиады является Фонд развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust».

Помимо спортивных достижений работников ТОО «Oil Services Company» в командных видах спорта, с особой гордостью хочется отметить успехи и достижения нашего работника Сапармурата Нурмуханбетова. Он единственный в Республике Казахстан джигитсер, получивший лицензию на участие в соревнованиях на Всемирных играх, которые пройдут в этом году с 20 по 30 июля в Польше, в г. Вроцлав. Всемирные игры проходят каждые четыре года и на следующий год после проведения Олимпийских игр. Организаторами выступают Международный Олимпийский Комитет и Международная Ассоциация Всемирных Игр. В программу вошли 37 видов спорта. Наш спортсмен выступает в разделе Fighting-system в весовой



категории до 77 кг. На сегодняшний момент Сапармурат Нурмуханбетов является мастером спорта РК, четырехкратным чемпионом Казахстана среди взрослых и трехкратным чемпионом Кубка Казахстана по Джигу-джитсу.

От имени коллектива ТОО «Oil Services Company» мы желаем всем нашим спортсменам крепкого здоровья, успехов на работе, семейного благополучия и новых спортивных достижений.

Сатибаева Г.И.,  
старший специалист ОСП

### Шұғыл!

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұжымдық шартқа және «Мангистаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері балаларының оқуын қаржыландыру» Ережесіне сәйкес Қоғам қызметкерлері балаларының 2017-2018 оқу жылында жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін материалдық көмек көрсетуге құжаттар қабылданатынын қаперіңізге береміз (магистратура, аспирантура, докторантура, сырттап оқуларының және тіл мен дайындық курстарының ақыларын төлеуге отініштер қабылдабайды).

### Тапсырылуда тиісті құжаттардың тізбесі:

1. Қызметкердің оқу ақысын төлеуге жазған өтініші (үлгі бойынша толтырылған);
2. Студенттің жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындары берген растаушы құжаттары;
3. Студенттің сынақ кітапшасы немесе орта мектепті бітірушінің аттестаты;
4. Студент пен жоғары және арнаулы орта білім беретін оқу орындары арасындағы жылдық оқу ақысы көрсетілген оқу шартының көшірмесі;
5. Қызметкердің еңбек ақысы туралы анықтамасының түпнұсқасы;

6. Қызметкердің некеге отыру туралы (ажырасу туралы) куәлігі;
7. Оқу жылының ақысын төлеу туралы растаушы құжаттар тапсырылмай қалған жағдайда қызметкердің еңбек ақысынан ұстап қалу туралы өтініші;
8. 2017-2018 оқу жылының төленген түбіртегі (болған жағдайда).

Құжаттар «Мангистаумұнайгаз» АҚ кеңсесінің ескі ғимаратының холында **2016 жылы 28 тамыз бен 28 қыркүйек аралығында** күн сайын (сенбі және жексенбіден басқа күндері) сағат **15.00-ден 17.00-ге** дейін қабылданады.

Өткен оқу жылының ақысын төлеу туралы растаушы құжаттарды (түбіртектерді) тапсырмаған қызметкерлердің өтініштері үстіміздегі жылы қабылдамайды.

Барлық көйкесті мәселелер бойынша төмендегі мекен-жайға хабарласуға болады: Актау қаласы, «Мангистаумұнайгаз» АҚ кеңсесінің №1 ғимараты, №303 кабинет, тел.: 211-336; 215-204; 215-411.



СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАНАЛЫҚТАРЫ – НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Компания тынысы

# ЖАҢА КӨЛІКТЕРДІҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Өткен сенбі күні «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС қарасты құрылымдарға жаңа көліктер берілді. Салтанатты шараға серіктестіктің бас директоры Серік Кеулімжаев, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Бердіғали Сүгіров, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС кәсіподақ комитетінің төрағасы Марат Темірқасов және басқа да басшылар мен қызметкерлер қатысты.



Салтанатты сәтте «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС бас директоры Серік Кеулімжаев ұжымды айтулы жаңалықпен құттықтап, Маңғыстау, Бозашы, Жетібай технологиялық көлік басқармаларына жаңа көліктердің кілтін табыстады. Аталған көлік басқармаларының өкілдеріне 43 көлік (автобус, самосвал, жартылай тіркемелі және жүк көліктері) берілді.

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Бердіғали Сүгіровтің айтуынша, серіктестік был 2 миллионнан астам машина сағатты орындауды жоспарлаған. Осы жылдың алғашқы 6 айының қорытындысы бойынша бұл көрсеткіштің жартысы орындалған. Транспорттық қызмет көрсететін серіктестікте

бүгінде 2500-дей адам жұмыс жасайды. Мұндағы 1000-ға жуық техниканың 30 пайызға жуығы ескірген. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ көмегімен жыл аяғына дейін тағы 67 көлік алу жоспарланған.

Жаңа көлік мінген жүргізушілер Маңғыстау, Бозашы, Жетібай технологиялық көлік басқармаларындағы жұмысына жол тартты.

Үздік маман - 2017

## ШЕБЕРЛІК СЫНҒА ТҮСКЕНДЕ

Қоғамның әрбір саласында ұйымдастырылатын сайыстар үздіктерді анықтап, бір салада жұмыс істейтін әріптестердің бір-бірімен тәжірибе алмасуына, шеберлігін шыңдауына, еңбек ұжымдары арасында тығыз байланыс орнауына жол ашып, еңбекке деген құлшынысын арттыра түседі. Мұнайлы мекендегі алпауыт компания «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ транспорттық қызмет көрсететін «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес компаниялары арасында жұмысшы мамандықтар бойынша дәстүрлі өткізілетін «Үздік маман» байқауының биылғы жарысына іріктеудің аяқтық кезеңін өткізді. Жұмысшылардың теориялық және тәжірибелік білімін сараптағайын сайыс серіктестіктің өндірістік базасының аумағында ұйымдастырылды.



машинистері, жүк көлігінің, автобусың жүргізушілері, жөндеушілер мен жас жөндеушілер 1 сағаттың ішінде 50 сұраққа жауап беруі тиіс.

— Мен берілген уақыттың алғашқы 20 минутында берілген тапсырманы орындап, емтихан залынан алғашқы болып шықтым. Алдын ала дайындалғандықтан сұрақтар қиын болған жоқ. Барлық сауалдар күнделікті жұмысымызда кездесетін жағдайларға байланысты болды. Мен осы Маңғыстау технологиялық көлік басқармасында 5 жылдан бері жұмыс жасап келемін, — деді сайысқа қатысушы Сәрсенбай Қожбанов.

Аяқтық кезеңнің ашылу салтанатында «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС қарасты Маңғыстау, Бозашы, Жетібай технологиялық көлік басқармаларында өткен сайыстарда топ жарып шыққан үздік мамандарға «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС бас директоры Серік Кеулімжаев құттықтау тілегін жеткізді.

— Күрметті «Үздік маман» байқауына қатысушылар! Сіздер серіктестікке қарасты құрылымдардың ішінде өткен байқауда білімдеріңіздің қандай деңгейде екенін көрсетіп, өз мамандықтарыңыздың мықтысы екендіктеріңізді дәлелдедіңіздер. Бүгінгі байқауда оза шапқан мамандар «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес компаниялары арасында өтетін сайысқа жолдама алып, «ОТК»-ның намысын қорғайды. Сынақтан сүрінбей өтіп, артылған сенімді абыроймен ақталыңдар! — деді Серік Жеткіргенұлы.

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС кәсіподақ комитетінің төрағасы Марат Темірқасов қатысушыларға сәттілік тілеп, артылған сенім үдесінен шығатынына сенімділік білдірді. Салтанатты сәтте «Ақжарма» фольклорлық ансамблінің өнерпаздары күмбірлетіп күй төгіп, ән-жырдан шашу шашты.

### Сайыс қызықты өтті

Аяқтық сайысқа жолдама алған 21 маман әкі аудиторына бөлініп, теориялық сұрақтарға жауап берді. Алғашқы кезеңде автокран, цементтеу агрегатының



Өндірістік алаңда сайыстың екінші кезеңі басталар сәтте сайыскерлер көліктеріне мініп, тапсырманы орындауға қамданды. Сөйтіп, төрешелердің нұсқауынан кейін алғашқы болып самосвал көлігінің жүргізушілері жарысты бастады. Бұл сайысқа қатысушылар 8 санын салу, колікті тұраққа қою, алға және артқа жылжу, гаражаға салу сынды тапсырмаларды орындап шықты. Уақыт пен дәлдікті қажет ететін бұл сайыста төрешілер ақ жалауды көтерсе, жүргізушінің жарыс ережесін бұзбағаны, ал қызыл жалау талантың сақталмағанын, жүргізушінің шатақсанын білдіреді. Бұл мезетте келесі алаңда автокран жүргізушілері су толған бөшкеңі көтеріп, ішіндегі суды төкпей, белгіленген жолмен жүргізу тапсырмасын орындап жатты.

Өндірістік алаңның әр жерінде өтіп жатқан қызу тартысқа толы сайыста қатысушыларға «Ойл Транспорт

Корпорейшн» ЖШС қызметкерлері қолдау көрсетіп, жанкүйер болды.

### Қорытынды шықты: кім жеңімпаз?

Күн ұзаққа созылған сайыстың нәтижесі де белгілі болып, қатысушылар тағатыздана күткен сәт те келіп жетті. Тәжірибесі мол мамандардан құралған әділ қазылар алқасы теория мен тәжірибені шебер менгерген мамандарды анықтады. Жарыстың марапаттау салтанатында «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС бас директоры Серік Жеткіргенұлы сайыстың жоғары деңгейде өткізілгенін, қатысушылардың да белсенділік танығанын, биік межелер көрінгенін жеткізді.

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС ұйымдастырған «Үздік маман» кәсіби шеберлік сайысында автобус жүргізушілері аталымы бойынша 1-орынды Жетібай технологиялық көлік басқармасының жүргізушісі Сәрсенбек Байғолжаев (ЖТКБ), 2-орынды Маңғыстау технологиялық көлік басқармасының (МТКБ) жүргізушісі Сәрсенбай Қожбанов, 3-орынды Бозашы технологиялық көлік басқармасының (БТКБ) жүргізушісі Ислам Құлынтаев (БТКБ) жеңіп алды. Авторкран машинистері арасында өткен долада Жұмабай Нұрғалиев (ЖТКБ) 1-орынды жеңіп алса, Қайрат Бақтығалиев (БТКБ) 2-орынды иеленді. Цементтеу агрегатының моторист- жүргізушілері жарысында 1-орын Рақымжан Мәлиев пен Айтқали Оразбағға (БТКБ) берілсе, 2-орын Бітімғали Орынбасаров пен Марат Башеновке (ЖТКБ) бұйырды.

Сонымен қатар 30 жасқа дейінгі жас жөндеушілер арасында өткен сайыста Шаттық Лұқпанов (БТКБ) 1-орынды қанжығаласа, Бақтияр Сағынбай (ЖТКБ) 2-орынды жеңіп алды. Жас жүк көлігі жүргізушілерінің сайысында 1-орынды Бақытбек Тұрғанбаев (МТКБ) иеленсе, 2-орынды Құрманғазы Қаршығаев (ЖТКБ), 3-орынды Кеншілік



Боранбаев (БТКБ) місе тұтты.

Сайыс ережесіне сай бөлінген 30 жастан кейінгі жүк көлік жүргізушілері жарысында Бердәулет Тапыев (МТКБ) 1-орынға лайық деп танылса, Жалғас Жұмағалиға (ЖТКБ) 2-орын, Бекболат Құлбековке (БТКБ) 3-орын берілді. Жөндеушілер арасындағы сайыста қазылардың шешімімен Нұржан Шоңқалов (МТКБ) 1-орынды, Ондасын Қаржаубаев (ЖТКБ) 2-орынды, Манарбек Заманов (БТКБ) 3-орынды бөлісті.

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС бас директоры Серік Жеткіргенұлы, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС кәсіподақ комитетінің төрағасы Марат Темірқасов жеңімпаздарды салтанатты түрде дипломдармен марапаттады. Барлық жеңімпаздарға бір жыл бойы алған жұлделеріне қарай 10,20,30 пайыз көлемінде айлық еңбекақысына қосымша қаржы төленеді.

Әріптестері белестен өткен жұлделерлерді құттықтап, ақжарма лебіздерін білдірді. Күрмет-қошеметке бөленген мамандар мээ-мэйрам болып тарқасты.

Бұл сайыстан 1-орынды иеленген үздік мамандардың кейбірі күзде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес компаниялары арасында өтетін сайысқа қатысады. Олар үшін алда бұл жарысқа жан-жақты дайындалып, ұжымның абыройын қорғап, жеңіс тұғырынан көріну міндеті тұр.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ  
Суреттерді түсірген Серік МАЙМЕРОВ





Бірінші байлық – денсаулық!

# Citius, Altius, Fortius!



Спорт – денсаулық кепілі. Дені сау адам – қоғамның тірегі, һәм қозғаушы күші. Сондықтан болар заманымыз нарықтанған сайын тән мен жанның саулығы корпоративтік кеңістіктегі де басты принциптердің бірі болып келеді. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобына кіретін мекемелер арасында өтетін жазғы спартакиада осы жайттың айқын көрінісі. Дәстүрге айналған шара үлкен қызығушылық тудырып, жыл санап қатысушылар мен көрермендер қатарын арттырып келеді.

Былғы ойындар да жоғары деңгейде ұйымдастырылып, аса тартысты атмосферада өтті. Шілде айының 2-сі мен 6-сы аралығында Ұлттық компания жасақтаған жазғы спартакиада туралы ережеге сай 3 топ болып бекітілген «Маңғыстау-мұнайгаз» акционерлік қоғамы мен оған сервистік қызмет көрсететін «Ойл Сервис Компани», «Ойл Констракшн Компани», «Ойл Транспор Копорейшн», «Мұнайтелеком», «Маңғыстауэнергомұнай» мекемелерінің командалары спорттың волейбол, шағын-футбол, баскетбол, үстел теннисі, суға жүзу, қол күресі, шахмат сынды 7 түрі бойынша бап сынасып, бақ таластырды. Тартыс-бөксемен айықталған спартакиаданың жеңімпаздарын төмендегі ретпен айқындады:

**Командалық есеп бойынша:**

**Волейбол:**

- ерлер арасында – 1-орын «Ойл Сервис Компани» ЖШС,

2-орын «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ, 3-орын «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС;  
- әйелдер арасында – 1-орын «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ, 2-орын «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС, 3-орын «Ойл Сервис Компани» ЖШС.

**Шағын-футбол:**

- 1-орын «Ойл Сервис Компани» ЖШС, 2-орын «Ойл Констракшн Компани» ЖШС, 3-орын «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ;



**Баскетбол:**

- 1-орын «Ойл Сервис Компани» ЖШС, 2-орын «Ойл Констракшн Компани» ЖШС, 3-орын «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ;

**Үстел теннисі:**

- ерлер арасында 1-орын Б.Үсқұмбаев («Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС); 2-орын С.Тілегенов («Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ), 3-орын Н.Тілегенов («Ойл Сервис Компани» ЖШС);

- әйелдер арасында – 1-орын М.Ізбасқанова («Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ), 2-орын Р.Исламғалиева («Ойл Констракшн Компани» ЖШС), 3-орын Т.Аманғалиева («Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ);

**Шахмат турнирі:**

- ерлер арасында – 1-орын Ю.Толин («Мұнайтелеком» ЖШС), 2-орын Н.Нұрсалидинов («Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС), 3-орын А.Таусаров («Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ);

- әйелдер арасында – 1-орын Г.Әбиева («Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ),



Н.Құсайынов

2-орын Р.Исламғалиева («Ойл Констракшн Компани» ЖШС);

**Қол күресі, 80 кг. дейінгі салмақ дәрежесі бойынша:**

- ерлер арасында – 1-орын Р.Синдықов («Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС), 2-орын Б.Бекқалиев («Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС), 3-орын М.Абатов («Ойл Констракшн Компани» ЖШС);

- әйелдер арасында – 1-орын А.Төлембетова («Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ), 2-орын А.Махатова («Ойл Констракшн Компани» ЖШС);

**Қол күресі, 80 кг. жоғары салмақ дәрежесі бойынша:**

- ерлер арасында – 1-орын С.Нұрбаев («Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ),

2-орын С.Байгулов («Ойл Сервис Компани» ЖШС), 3-орын К.Сисенғалиев («Мұнайтелеком» ЖШС);

**Суға жүзу:**

- ерлер арасында, 100 метрге қашықтыққа жүзу – 3-орын Ж.Кенжебаев («Мұнайтелеком»), 2-орын Н.Әбдуов («Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС), 1-орын Н.Құсайынов («Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ);

- әйелдер арасында, 50 метрге қашықтыққа жүзу – 2-орын Г.Оңғалиева («Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ), 1-орын А.Гасанова («Ойл Констракшн Компани» ЖШС).

Ойын алаңында орын алған көңіл-күйді газет тілімен жеткізу мүмкін емес. Оны тек көзбен көріп, тамашалау керек. Спартакиада кезінде спортшыларымызға қолдау көрсете келген барша әріптестерімізге алғыс айта отырып, жеңіс тұғырынан көрінген сайыскерлерге Ақмола облысында өтетін республикалық ойындардан да жұлдемен оралуларына тілектестік білдіреміз.

6 тамыз - Көлік қызметкерлері күні

## КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2003 жылғы 15 қарашадағы Жарлығына сәйкес жыл сайын тамыздың бірінші жексенбісінде көлік саласы қызметкерлері күні атап өтіледі.

«Маңғыстау-мұнайгаз» акционерлік қоғамының дамуында, өндірістің кідіріссіз жұмыс жасап, мұнайшыларға қызмет көрсетуде жүк, жолаушы тасымалымен айналысатын көлік саласы қызметкерлерінің де үлесі зор. Бүгінгі таңда көлік басқармасында 300-ден астам жүргізуші, жөндеуші, механик, диспетчерлік қызмет мамандары жұмыс жасайды. Маңғыстау өлкесінде мұнайға қызмет ететін көлік қызметінің басында тұрған, сонау 1964 жылы АТК болып құрылған кіндік кәсіпорының бүкіл түбегке тамырын жайғаны, онан Бозашы, Өзен, Жетібай, Құмкөл кеңорындарынағы сан көлік басқармаларының еніш алғаны тұтас тарих. Дала тосінде ерлің қарсылы ағылған, тыннан сүрлеу салған машина табанының іздерінде жүргізушілердің бірнеше ұрпағының ерлікке толы еңбек баяны, жер апшысын қуығар дөңгелектердің артында қалған мыңдаған шақырымдарда бақытын осы мамандықтан тапқан жүргізушілердің тұтас ғұмыры жатыр...

3 тамыз күні «Маңғыстау-мұнайгаз» акционерлік қоғамы көлік департаменті қызметкерлері мерекелдік жиында бас қосты. Жиналыста 2017 жылдың 1-

жартыжылдығында атқарылған істер қорытындысы бойынша есеп беріліп, қызметкерлердің көкейінде жүрген маңызды мәселелер бойынша пікір алмасылды.

Жыл көлік қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтауға ұласты. Автопарк бастығы Е.Оңғалбаев әріптестеріне башылық ағынан иі тілегін жеткізді. Автокөлік саласындағы белсенді еңбегі ерекшеленген қызметкерлерге «Маңғыстау-мұнайгаз» акционерлік қоғам Басқармасының Алғыс хаттары табысталды. Көлік саласының жоғары жауапкершілікті, қайрат-жігерді талап ететін қызметінде еңбегі елеулі қызметкерлер басқармада көптеп саналады. Әріптестері Бердібай Дүйсенов, Рахат Батырбай, Тілепбергенов Ақтанбаев, Тимур Ғалымов, Жаңабай Абдрахманов, Салават Машралиев, Құралхан Абуғай, Қуанғали Құдабаев сияқты жүргізушілерді әрдайым құрмет тұталады, кейінгіге үлгі етеді.

Мұнайшыларға, бұрғышыларға, монтаждышыларға, құрылысшыларға, басқа сала да қызметкерлеріне жағетті өндірістік жүктерді, тамақ өнімдерін тиен үлдізсіз ағылып жататын көліктердің табанынан көтерілген шаң мен ауысыммен қаладан далаға, даладан жұртына асығып келе жататын мұнайшыларды тасымалдайтын жүргізушілердің төбесі сонауидан көрінгенде дүние түгелденгендей болатын көңіл-күй жылдар бойы жазыла беретін мұнай эпонеясының сырлы беттері болып қала беретіні ақиқат.

Мерейтой

## АСҚАРАЛЫ АЛПЫСТЫҢ АСУЫНДА

Қамбасы «қара алтынға» толған біздің Маңғыстау талайлардың несібе қазанына айналғаны қашан... Ал қара алтынды тапқан да, елдің қадесіне жаратқан да осы ауылдың төл перзенттері. Бүгін жақсы істердің басы-қасында жүрген азаматтардың бірі туралы айтпақшымыз...



Тұрарбек Халиоллаұлының жүріп өткен жолына келер болсақ, 1974 жылы Атырау қаласынан техникалық училищені тәмамдаған жас маман электрденкерлеуші мамандығын алып, кеудесін кереген қуанышпен мұнайлы өлке - Маңғыстауға қызмет етуге келеді. 1982 жылы «Маңғыстаунефте» өндірістік бірлестігі мекемелерінде тәжірибе жинақтап шыңдалған жігітті мекеме басшылары күшағын жақ қарсы алып, оны сол мезетте «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасына дөңкерлеуші етіп жұмысқа қабылдайды. 1993 жылы Қаламқас кеңорынына барып, он екі жыл өндірістің ыстық-суығын арқалады. 2005 жылы еңбек жолының бастауы болған Жетібай кеңорына оралып, дөңкерлеушіден бригадирге, одан мастер дәрежесіне көтерілді. Ал, 2016 жылдан бері мұнай айыру және өңдеу цехында аға механиктің қызметін атқарады.

Адамның бағы еңбегінде. Әйтпесе, «еңбек етсең, емесің» деп бұрынғылар бекер айтты дейміз? Ертелі-кеш қолдары отпен ойнаған, тынымсыз еңбектеніп, қара темірді дөңкерлеген Тұрарбек ағаның өмір баяны, еңбек жолы өнегенің мектебі десе болады. Өмір бойы ел үшін еңбек еткен қарапайым еңбек адамы, әңгімесізге арқау болып отырған кейіпкеріміз Тұрарбек Халиоллаұлы Ахметов биыл 60 жасқа толды. Мұнай айыру және өңдеу цехының ұжымы атынан алпыстың асқар шынына шығыумен шын жүректен құттықтаймыз!

Біз Сізді жаны жайсаң, жан жылуы мол азамат деп бағалап, қадірлейміз. Былғыздағы табиғи зеректік, еңбексүйгіштік, ізгілік қасиеттеріңіз арқылы әріптестеріңіздің арасында биік беделге иесіз. Сізге зор денсаулық, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр, қажымас жігер және қызметіңізде тын табыстар тілейміз! Шанырағыңыз аман болып, немере-шөберелеріңіздің қызығын қору бақытына бөлене беріңіз!

Мұнай айыру және өңдеу цехы ұжымы

|   |   |  |  |   |   |
|---|---|--|--|---|---|
| <p><b>Мұнайлы Өлке</b><br/>Меншік мекесі:<br/>«Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ<br/>Редактор: Есназар Султанов<br/>Редакция алқасы: Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова, А.Ақшаева, Е.Қонақбаева<br/>Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев</p> | <p>Мекен-жайымыз:<br/>130000, Ақтау қаласы<br/>6 ш.а., № 1 үй,<br/>төл:<br/>212-424, 212-601<br/>212-603, 212-606<br/>Газет айналына 1 рет шығады.<br/>Тегін таратылады</p> | <p>Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген</p> | <p>Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді<br/>■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды<br/>■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды</p> | <p>Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.<br/>Индексі: 64265</p> | <p>«АТІS» ЖШС баспаханасында басылды.<br/>Ақтау қаласы, 17 ш.а.<br/>төл: 525500</p> |
|---|---|--|--|---|---|